

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 желтоқсандағы № 1184 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2260 Қаулысы «2009 - 2011 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2009 - 2011 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 желтоқсандағы № 1184 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:  
көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

03 «Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі»  
функционалдық тобында:

201 «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі» әкімшісі бойынша:  
006 «Ақпараттық жүйені дамыту» бағдарламасы бойынша:  
«Бақылау» автоматтандырылған ақпараттық-іздігіру жүйесі» деген жолда «198486» деген сандар «198726» деген сандармен ауыстырылсын;  
«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ведомстволық веб-порталын құру» деген жолда «109701» деген сандар «109461» деген сандармен ауыстырылсын.  
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К. Мәсімов*